

ЦИКЛОГРАММА

Бір аптаға

«Қошақан» ересек тобы

Қыркүйек «13-17.09.2021

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Бекітемін: *AA* Аманжолбаева А.А

Тәрбиеші: Елеусинова А.Ә

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б)	Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Д/ойын: <i>мысық пен тышқан</i>	д/ойын: <i>сиқырлы қап</i>	Д/ойын: <i>Алыста ма жақында ма</i>	д/ойын: <i>Қауырсынды тауып ал</i>	Д/ойын: <i>Кім шапшан</i>
Ойындар ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бірқалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру				
	Д/ойын: <i>құстар фабрикасы</i> Мақсаты: <i>бір тыныс алғанда 3-4 сөз айта білу</i>	Үстел ойыны: <i>Пазыл құрастыру</i>	Қимылдық ойын: <i>Тақырыбы: жалаушаны тап.</i> Мақсаты: <i>балаларды шапшандыққа, тақырлыққа үйрету.</i>	Қимылдық ойын: <i>Тақырыбы: масаны ұстау.</i> Мақсаты: <i>балаларды шапшандыққа, ептілікке үйрету.</i>	д/ойын: <i>бізге кім келгенін тауып ал</i>

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі</p>	<p>Сурет салу «Балабақшадағы қуыршаққа арналған алжапқыш» Мақсаты :Сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыруды жалғастыру, ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын арттыру,алжапқыштың жиегіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге, түсіне қарай сәндік өң бере білуге жаттықтыру. Ою-өрнектің әдемілігіне мән беру арқылы көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. «Алжапқыштарды жуайық және ілейік» ойыны. Мақсаты:Тәрбиеші балаларға қатты қағаздан жасалған</p>	<p>Көркем әдебиет . Тақырыбы: Балабақшадағы қуыршақтарды сөйлеуге үйретеміз Мақсаты: Дұрыс сөйлеуді үйрету, тілдегі дыбыстарды дұрыс айту біліктерін жетілдіру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, тапсырмаларды орындай отырып сезім ырғағы мен қимыл-қозғалыс үйлесімділігін сақтауды қалыптастыру, достық қарым-қатынасқа және өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу. Ойын-жаттығу: «Айтамыз және көрсетеміз» Мақсаты: Жаттығуларды бірге жасауға үйрету. Тілдерін дамыту. Жылдамдыққа тәрбиелеу</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы:Балабашадағы жиһаздар Мақсаты:Жиһаз жайлы білімдерін бекіту,жиһаз түрлерімен оның пайдасы туралы мағлұмат беру.Жиһаз құрастыруды құрылыс материалдарын пішіндеріне және түстеріне сәйкес дұрыс таңдап,пайдалана білуге үйрету, үй жиһаздарын ұқыпты ұстай білуге тәрбиелеу. Д/О: «Не артық» Тақтада ілулі тұрған жиһаздардың арасын. Бала тілін дамыту Тақырыбы: Отбасы. Саусақ жаттығуы «Күнге ұқсаймыз» Мақсаты: Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту.</p>	<p>Жаратылыстану «Балабақша бөлмесіндегі өсімдіктер және оларды күту» Мақсаты: Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы). Өсімдіктерді салыстыра білу, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу, олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру. Өсімдіктер туралы білімдерін дамыту. Әңгімеге араласа білуге, өз көзқарасын айта алуға тәрбиелеу. Өсімдіктерді өсіруге, күтуге деген қызығушылықтарын арттыру. «Гүлдер» имитациялық ойыны. Мақсаты:Өздерін еркін ұстауға, ойларын еркін</p>	<p>Мүсіндеу Балабақша ауласына түрлі түсті шарбақ жасаймыз Мақсаты: Шарбақ туралы түсінік беру. Түстер туралы білімдерін бекіту. Саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалану арқылы ұсақ қол қимылдарын дамыту. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын «Қоршау» Мақсаты: Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру. Үй жануар -ларына шарбақтарды пайдаланып қоршау жасауды көрсету. Дене шынықтыру Тақырыбы: Ертегіде қонақта:Негізгі қимыл:Қапшықты нысанаға лақтыру Мақсаты: Қапшықты нысанаға лақтыруға үйрету.</p>
---	---	--	--	---	---

	<p>алжапқыштарды алып, жуып, оны жіпке ілуді түсіндіру.</p> <p>Музыка Ән тыңдау: «Ойыншық» Ғ. Жұбанова Ән салу: «Ойыншықтар» И. Нүсіпбаев. Муз ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз» Мақсаты: Ойыншықтардың зат екенін балаларға түсіндіру. Ән – күйлерді тыңдату, қабылдау, есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету. Д/О: «Қасқыр мен көжек» Мақсаты: Баяу әуенімен ойнап жүріп қашу, қуып</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Заттың мөлшерін санмен сәйкестендіру» Мақсаты: Сан мен заттың санының арасындағы сәйкесікті анықтау; заттарды санау қабілетін нығайту (5 саны көлемінде); заттардың көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруға және сол сөздерді сөйлеу барысында қолдануға үйретуді жалғастыру. Заттардың ұқсас белгілерін (көлемі) анықтап, оларды сол белгілері арқылы біріктіруге үйрету. Геометриялық пішін – шаршы туралы өткенді пысықтау. Шаршының көлемі әртүрлі болатынын түсіндіру. Санамақ жаттау. Бір дегенім – білім,</p>	<p>Отбасы тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрауға, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Өз отбасымен байланыстыра отырып, ондағы өз орнын білуді үйретіп, сөздік қорын дамыту</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: Ертегіде қонақта: Негізгі қимыл: Қапшықты нысанаға лақтыру Мақсаты: Қапшықты нысанаға лақтыруға үйрету. Көзбен мөлшерлей білуді дамыту. Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеуге жаттықтыру Қ/О: «Әрбір дәнді өз қабына сал», «Көлбақа қоңыздарды теруде», «Түлкі, тауық және</p>	<p>жеткізуге үйрету. Орыс тілі «Мои любимые игрушки» Цель занятия: Учить детей понимать вопросы на русском языке и давать правильные ответы, называть игрушки на русском языке. Развивать слуховое и зрительное внимание, словесно-логическое мышление, тонкую ручную моторику. Воспитывать бережное отношение к игрушкам. Д/и: «Чего не стало?» Цель: дети отвечают на вопросы коротким предложением, закрепление темы игрушки.</p>	<p>Көзбен мөлшерлей білуді дамыту. Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеуге жаттықтыру Қ/О: «Әрбір дәнді өз қабына сал», «Көлбақа қоңыздарды теруде», «Түлкі, тауық және әтештер», «Қояндар мен қасқыр». Мақсаты: тек белгі берген кезде ғана қимыл жасауды үйретуді жалғастыру, қимыл-қозғалыстардың үйлесімділігін қалыптастыру.</p> <p>Шебер қолдар Тақырыбы: «Саңырауқұлақ» оригами Мақсаты: Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>жетуге үйрету Сөйлеуді дамыту «Балабақшадағы ыдыстар» Мақсаты: Сөйлеу кезінде «ыдыстар» деген жалпылауыш сөзді қолдана білуге үйрету. Ыдыстар туралы түсінік беру.Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану арқылы сөздік қорларын дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. «Заттарды сипатта» ойыны. Мақсаты: Ыдыстар бөліктерін толықтырып оны сипаттауға үйрету</p>	<p>Екі дегенім – елім Үш дегенім – үміт Жүрейік әрқашан күліп. Дене шынықтыру Тақырыбы: Айгүл есімді қуыршақпен танысу негізгі қимыл: Допты домалату Мақсаты: Жан-жаққа шашырап жүру және жүгіру түрлерін үйрету. Ептілік және жылдамдық тәрізді қасиеттерді дамыту. Бір бағытты ұстап, допты бір-біріне домалату дағдыларын бекіту. «Көңілді маймылдар» Мақсаты: балаларға еркіндік бере отырып тыңдауға, тәртіпке шақыру арқылы шыдамдылыққа, бірлесіп қимылдауға үйрету.</p>	<p>әтештер», «Қояндар мен қасқыр». Мақсаты: тек белгі берген кезде ғана қимыл жасауды үйретуді жалғастыру, қимыл-қозғалыстардың үйлесімділігін қалыптастыру .</p>		
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды				

		<p>әрекет етуге ынталандыру</p> <p>Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.</p> <p>Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.</p> <p>Еңбек: Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: Ертегі оқып беру</p> <p>«Ағаштар ұйықтайма?»</p> <p>Қимылды ойындар: Тақия тастамақ</p> <p>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері</p>				
Серуеннен оралу.		Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті				
		Сюжеттөжеттк рөлдік ойын. «Қуыршақты тамақтандыру» Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойын	Сюжеттөжеттк рөлдік ойын. «Қуыршақты жуындыр» Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойын	«Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	«Доппен ойнау» Мақсаты: «Жоғары-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.	«Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.
Балалардың үйге қайтуы		Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

